




MUNAILY EKEN

«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» БАРЛАУ ӨНДІРУ» АҚ
корпоративті басылымы

№ 4 (468)

16/02/2018



Газет 2005 жылдың
29 желтоқсанынан шыға бастады

«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ



ЖАҢА НЫСАНДАР –

МҰНАЙШЫЛАР ИГІЛІГІНЕ!



«Өзенмұнайгаз» АҚ №3 Мұнай-газ өндіру басқармасына қарасты №10 МГӨК-те әкімшілік-тұрмыстық кешен және №2 «в» блокты шоғырланған сораптар станциясында 15 орындық жаңа нысан ашылып, мұнайшылар игілігіне берілді. Аталған нысандардың ашылуына ӨМГ бас директорының транспорт және әлеуметтік сұрақтар жөніндегі орынбасары Мақсат Ибағаров пен кәсіподақ төрағасы Наурыз Сақтағанов қатысып, әріптестерінің қуаныштарына ортақтасып, құттықтау сөз сөйледі.

«Өздеріңіз жақсы білесіздер, 2009 жылы «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ «Қоғамжұмыскерлерінің

әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсарту» бағдарламасын қабылданған болатын. Осы бағдарламасы аясында компаниямызда 125 нысан салынды. Үлкен көрсеткіш деп есептеймін. Қарапайым еңбекшінің әлеуметтік жағдайы үнемі басты назарда болуы тиіс. Мұнайшыларға қолайлы еңбек жағдайын тудыру – біздің міндетіміз», – деді Мақсат Оңғарбайұлы.

Өз кезегінде №2 «в» блокты шоғырланған сораптар станциясының машинистері Алмаш Бейсенғалиева мен Рамила Аманжолова жаңа нысанға орай алғыстарын білдірді. Иә, ескінің кетіп, жаңаның келуі – өмір заңы.

Бүгінгі санда:



4

«Ембімұнайгаз»: Біз ынтымақтастыққа дайынбыз!



5

«Бұрғылау жұмыстары басқармасы» Бекназардың үздік бригадасы



ҚМГ БӨ КОМПАНИЯЛАР ТОБЫНЫҢ 2018 ЖЫЛДАҒЫ МҰНАЙ ӨНДІРУ ЖОСПАРЫ

«Өзенмұнайгаз» АҚ

5 590 089 тонна

«Ембімұнайгаз» АҚ

2 895 000 тонна

«Қазгермұнай» БК» ЖШС (50%)

1 350 045 тонна

«Қаражанбасмұнай» АҚ (50%)

1 080 002 тонна

«ПетроҚазақстан Инк.» АҚ (33%)

954 675 тонна



6

Мамандар ұстаханасы болған Сағыз кәсіпшілігі




№24 ТОПТЫҚ ҚОНДЫРҒЫДА – ЖАҢА ҒИМАРАТ

«Өзенмұнайгаз» АҚ №4 МГӨБ, №4 МГӨЦ-ына қарасты №24 топтық қондырғысында заман талабына сай салынған жаңа нысанның құрылысы аяқталып, мұнайшылар игілігіне берілді. Нысанның салтанатты ашылуына қатысқан Жұртшылықпен байланыс департаменті директоры Әділ Сүйебай, Күрделі құрылыс департаменті директоры Феликс Ізекенов, №4 МГӨБ директоры Қанағат Мыңтұрғанов, №4 МГӨБ Кәсіподақ төрағасы Ибайдулла Әмеловтер әріптестерін құттықтап, қуаныштарымен бөлісті. «Біздің басқармада 19 топтық қондырғы болса, қазіргі таңда оның 17-сі жаңадан салынды. Бұл-компанияда



жұмысшы мамандығының мәртебесі жоғары екендігінің куәсі. Ел игілігі үшін атқарып жүрген жұмыстарыңыз жемісті болсын. Нысандарыңыз құтты болсын!», – деді басқарма директоры Қанағат Мыңтұрғанов. Жаңа нысанның символикалық кілтін мердігер компания «Аңсар» ЖШС-нің директоры

Орынбай Қармысов №4 МГӨЦ бастығы Саламат Жұмабековке салтанатты түрде табыс етті. Нысанның лентасын басқарма директоры Қанағат Мыңтұрғанов пен №4 МГӨЦ бастығының орынбасары Қожабек Нұрлыбаев қиды.



ЕМБІДЕ – БЕЛАРУСЬ КӘСІПКЕРЛЕРІ


Бүгінгі жаһандану заманында мемлекетаралық іскерлік байланыс қарқын алып отырғаны рас. Соған орай жуырда «Ембімұнайгаз» АҚ бас кеңсесіне Беларусь мемлекетінен кәсіпкерлік саласында табысты еңбек етіп жүрген делегация келді. Оларды ЕМГ Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары Айболат Ғабдуллин қабылдап, компанияның бүгінгі тынысымен, жаңа технологиялар, өндірістік жетістіктер туралы қысқаша таныстырып өтті. Беларусьтық қонақтарды қызықтыратыны әрине әріптестік байланыс. Соған сәйкес, делегацияны бастап келген «Беларусь сауда өнеркәсіп палатасы Гомель бөлімшесінің» бас директоры Марина

Филонова Қазақстан-Беларусь екі ел аралық кәсіпкерлік байланыстың ұзақ жылдардан Атырау облысында бірнеше салада ынтымақта жүріп келе жатқанын атап өтті. Жалпы, Беларусияның жері ауылшаруашылығына бейім болғандықтан мұнда бұл салада қарқынды даму бар. Делегация құрамындағы бұрғылау, күрделі құрылыс, жол құрылысы, жобалау мекемелері, газ өңдеу, темірбетон шығару, өртке қарсы құралдар шығаратын, т.б. беларустық әр түрлі сала кәсіпкерлері ембілік мамандармен алдағы әріптестік қарым-қатынас орнату мүмкіндіктері туралы әңгімелесті.



«Ембімұнайгаз» АҚ Атырау қаласындағы мектеп оқушылары мен жоғары және арнаулы оқу орындарының студенттеріне арнап Интерактивті мұражайға экскурсия ұйымдастыру шарасын бастады. Мұнда алғаш облыс орталығындағы Назарбаев зияткерлік мектебінің бір топ оқушысы болып, қазақ мұнайының тарихымен кеңінен танысты. Музейде мектеп оқушыларын «Ембімұнайгаз» АҚ Әлеуметтік саясат жөніндегі басқарушы директоры Сәлімжан Нақпаев қарсы алып, экскурсияның мақсатына тоқталып өтті:

– Ел экономикасындағы жетекші сала – мұнай-газ секторының қалыптасуы, қарыштап дамуы осы Интерактивті мұражайда кеңінен көрініс тапқан. Қазақ мұнайының бастауында тұрған Ембі өңірінің аталмыш сала тарихында алар орны ерекше. Бұл өңірде алғашқы «қазақ жұмысшы табы» қалыптасты. Сонымен қатар, кешегі Ұлы отан соғысы кезіндегі ембілік мұнайшылардың Жеңіске



ИНТЕРАКТИВТІ МҰРАЖАЙҒА

САЯХАТ

Болашақта мұнай-газ саласы мамандығының иесі атануға ниеті бар және бұл бағытта түрлі ғылыми жобаларға қатысып жүрген зияткерлер өздерін толғандырған сауалдарға Компания қызметкерлерінен жауап алып, білімдерін толықтырды.



– Қазақ мұнай-газ өндірісінің ғасырдан астам тарихы сонау ежелгі дәуірлермен сабақтасып жатыр. Бүгін біз Ембінің кен алаңы Қарашүңгілден алғаш мұнайдың табылуы, Қазақстан мұнай өнеркәсібінің қалыптасуы мен «Ембімұнай» тресінің құрылуы туралы деректерді осы мұражайдан таптық. Мұражайға келіп, осы саланы дамытуға деген қызығушылығым арта түсті, – дейді мектеп оқушысы Әсем Төреғалиева. Ал, Данияр Джаксенов аталған оқу орнының 10-шы сыныбында білім алуда. «Мұражайдың «Интер», «Алғашқы ашулар», «Технология уақыты», «Ұлы Отан соғысы», «Медиа орталық» және басқа да бөлімдері құнды мәліметтерге толы. Мұражай заманауи үлгіде жасақталып, үнемі жаңартылып отыратыны маңызды» – дейді ол.

Бұл шара ақпан айынан бастап шілде айына дейін жалғасады.

Өндірісті модернизациялау

ҚАБАТТЫ СУ АРЫНЫММЕН ЖАРУ – МҰНАЙ ӨНІМДІЛІГІН АРТТЫРУ КЕПІЛІ

Өзен және Қарамандыбас кенорындарында қабатты су арынымен жару (ҚСАЖ) технологиясы өзінің тиімділігін дәлелдеді. Алғаш рет бұл технологияны 2003 жылы Өзен кенорында 13 белдеуде жасап тұрған №6816 скважинасына 18 тонна проппант айдау арқылы ҚСАЖ жұмысы нәтижелі орындалды. ҚСАЖ технологиясы бүгінгі таңда тиімділігін нақты дәлелдеген технологиялардың бірі болып табылады. Бүгінгі күні «Өзенмұнайгаз» АҚ бойынша 2000-нан астам скважинада ҚСАЖ технологиясы жасалды. Өндірістік бағдарламаға сәйкес жылына 100-ден астам скважинада ҚСАЖ жұмыстары тұрақты жүргізіліп келеді. Өзен және Қарамандыбас кенорындарының игеріле бастағанына жарты ғасырдан астам уақыт өтті. Осыған орай, кено-

рын мұнай қорының басым бөлігі өткізгіштігі төмен, күрделенген жер қыртыстарында шоғырланғаны белгілі болып отыр. Сол себептен жаңадан бұрғыланған мұнай скважиналарының 50 пайызынан астамы қабатты су арынымен жару технологиясының көмегімен іске қосылуда.

Соңғы екі жылда осы технологияны көлденең қазылған скважиналарға жүргізу жұмыстары қолға алынды. Сонымен қатар технологиялық тұрғыда күрделі бірнеше кезектен тұратын ҚСАЖ жұмыстарын жүргізу де жоспарда бар.

Кенорын ұзақ уақыттан бері үздіксіз игеріліп келе жатқандықтан сулану көрсеткішінің қарқынды өсуі – басты мәселеге айналуда. Осындай өзекті мәселелерді шешу және

скважиналардың мұнай өндіру көрсеткішін арттыруға бағытталған «Өзен және Қарамандыбас кенорындарының даму концепциясы» аясында жасалатын жобалардың бірі – сулануы жоғары скважиналарда кешенді түрде ҚСАЖ және шегендеу жұмыстарын жүргізуді жоспарлап отырмыз. Бұл технологияның ерекшелігі суланған қабатты арнайы полимер айдау арқылы шектеу, содан соң қабатты жару жұмыстарын бір кезеңде жүргізу болып табылады. Нәтижесінде, сулану көрсеткіші жоғары скважиналарда қосымша өнім алу мүмкіншілігі пайда болады.

Дамир ШЫРАҚБАЕВ,
«Өзенмұнайгаз» АҚ Игеру департаменті директорының орынбасары



ӨНДЕЛГЕН ТОПЫРАҚ

«Өзенмұнайгаз» АҚ-да орын алып отырған өзекті мәселелердің бірі – мұнай қалдықтарын жою болып табылады.

Осы орайда, соңғы 3-4 жыл көлемінде қалдықтарды жою мақсатында «А.Б.Бектуров атындағы химиялық-ғылыми институты» АҚ-мен бірлесіп отырып, қолданысқа жаңа тәсіл енгізген болатынбыз. Яғни, гуматқұрамдас композициялы материал негізінде энергоаккумуляторлы қоспалар қосу арқылы мұнай аралас топырақты өңдеп шығардық. Енді «өңделген топырақты қандай мақсатқа пайдалансақ болады?» – деген заңды сұрақ туындады. Осыған орай, компания аталмыш институттың қызметіне жүгіне отырып, өндірістік аймақты көгалдандыру және абаттандыру үшін инновациялық технологиясын енгізуді жүзеге асырды.

Нәтижесінде, №1,2,3,4 Мұнай-газ өндіру басқармаларына қарасты топтық қондырғылар мен асханалар маңында көгалдандыру мен абаттандыру жұмыстары жүргізілді.

Сондай-ақ, өндірістік аймақта орналасқан нысандар маңайына төселген брусчаткалардың барлығына өңделген топырақтар қолданылды. Алдағы уақытта да біз бұл жұмысты жалғастыра беретін боламыз. Өңделген топырақтарды басқа жұмыстарға да пайдалану көзделіп отыр. Мақсат – қоршаған ортаны тазарту арқылы мұнайшыларға жайлылық пен қуаныш сыйлау!

Аманкелді БЕКМАҒАМБЕТОВ,
«Өзенмұнайгаз» АҚ,
Қоршаған ортаны қорғау және радиациялық қауіпсіздік департаменті директоры



ТАТУЛЫҚ – ЖЕТІСТІК КЕПІЛІ

«Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамы №1 Мұнай-газ өндіру басқармасы, №4 Шоғырланған сораптар станциясының шебері **Естай Қарашаев** 25 жылдан бері мұнай саласында қажырлы қызмет етіп жүр. Еңбекқор, бойында ұйымдастырушылық қабілеті мол Естай еңбек ұжымымен өздеріне тиісті 76 скважинаның жай-күйімен күнделікті таныса отырып, олардың үздіксіз, бір қалыпты жұмыс жасап тұруын қамтамасыз етеді.

«Ұжымда 8 машинист, 5 оператор, 2 слесарь-жөндеуші жұмыс жасайды. Бір отбасының

мүшелеріндей татуымыз. Әріптесіміз **Нұрлыбек Әділмұхамедов** бір жылдары «Үздік маман» сайысына қатысып, компанияның үздігі атанды. Жалпы жұмысшы кәсібін насихаттау, еңбек адамының мәртебесін арттыру мақсатында өткізіліп жүрген байқаудың жыл сайын өткізілуі бізді қуантады», – дейді ол.

Жомарт Шеркешбаев мұнай саласында 16 жылдан бері қажырлы еңбек етіп жүр.

Тату ұжым «Ырыс алды ынтымақ» деген нақылды берік ұстанады.



«Ембімұнайгаз» АҚ:



Ашықтық және адал бәсекелестік – «Ембімұнайгаз» АҚ-дағы тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алудың басты қағидалары. Барлық тендерлік рәсімдер «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ АҚ-ның (бұдан әрі – Самұрық-Қазына немесе Холдинг) адами фактордың араласуын болдырмайтын электрондық сатып алулардың электрондық ақпараттық жүйесінде (ЭСАЖ) өтеді. Отандық мұнай компаниясында сатып алу рәсімдері қалай өтеді және бүгінде қандай жаңашылдықтар енгізілуде? Бұл туралы «Ембімұнайгаз» АҚ-ның коммерциялық мәселелер жөніндегі басқарушы директоры Едіге Тұрарұлы ЧАКЛИКОВПЕН әңгімелескен едік.

БІЗ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚҚА ДАЙЫНБЫЗ!

– Едіге Тұрарұлы, «Ембімұнайгаз» АҚ-да сатып алуларды ұйымдастыруда қандай қағидалар негізге алынады?

– Біздің компания Холдинг құрамына кіреді және сатып алуларды Самұрық-Қазына мен дауыс беретін акциялардың (қатысу үлестерінің) елу және одан артық пайыздары тікелей не жанама түрде меншік немесе сенімгерлікпен басқару құқығымен «Самұрық-Қазына» АҚ-на тиесілі ұйымдардың тауарлар, жұмыстар, қызметтерді (ТЖҚ) сатып алу ережелеріне сәйкес жүзеге асырады. Компаниядағы сатып алу рәсімдері ашықтық пен адал бәсекелестікті қамтамасыз етумен қатар төмендегі критерийлерді орындауды көздейді: сатып алу үшін қолданылатын бюджеттік қаражаттың оңтайлы және тиімді жұмсалыуы; сапалы ТЖҚ сатып алу; Холдингтің мүгедектер ұйымдарының тізбесіне енгізілген мүгедектер ұйымдарына қолдау көрсету шартымен сатып алу рәсіміне қатысу үшін барлық әлеуетті жеткізушілерге тең мүмкіндіктер ұсыну; холдингшілік кооперацияны дамыту мақсатымен Холдингке кіретін ұйымдардың арасындағы сатып алуларға көмектесу;

қабылданатын шешімдерді бақылау және олар үшін жауапкершілік; сатып алу және инвестициялық стратегиялық жобаларды тиімді жүзеге асыру рәсіміне делдалдардың қатысуын барынша азайту.

– Компанияда сатып алу рәсімі қалай өтеді?

– Сатып алуға қатысу үшін әлеуетті жеткізушілер <http://tender.sk.kz/> сілтемесі бойынша электрондық жүйеге өтіп, төмендегі қадамдардан өту қажет: электронды цифрландырылған қолтаңба (ЭЦҚ) алу – ЭЦҚ-ны компьютерге орнату – Сатып алу жүйесіне тіркелу – Керекті сатып алуды таңдау – Сатып алуға қатысуға өтінім беру. «Ембімұнайгаз» АҚ-да ТЖҚ-ны сатып алу үш әдіспен жүзеге асырылады: ашық тендерді өткізу, баға ұсыныстарын сұрату және бір көзден сатып алу.

Ашық тендер әдісімен сатып алу-ды жүргізгенде әлеуетті жеткізушілерде төмендегідей мүмкіндіктер бар:

1. Электронды сатып алу ақпараттық жүйесінде (ЭСАЖ) тендерлік құжаттаманың жобасымен алдын ала танысу және 5 жұмыс

күннің ішінде түсіндірмелерді (ескертпелерді/ұсыныстарды) жіберу;

2. Алдын ала қараудың қорытындысы бойынша анықталған сәйкессіздіктерді жою мақсатымен 3 жұмыс күні ішінде өз өтініміне толықтырулар және/немесе өзгерістер енгізу;

3. Тапсырыс берушінің талаптарына сай деп танылған әлеуетті жеткізушілердің арасында сатып алудың жеңімпазын анықтау мақсатында бағаны төмендету сауда-саттығына қатысу. Сатып алуды баға ұсыныстарын жинау әдісімен жүргізгенде әлеуетті жеткізушілер таңдаудың негізгі критерийлері баға болып табылатын ТЖҚ-ны сатып алуға қатысады. Бұл жағдайда жеткізушілерден құжаттардың ең аз топтамасы талап етіледі, бірақ сатып алудың сомасы 4000 АЕК-тен аспайтын болуы керек. Ал, соңында, бір дереккөзден алу әдісімен сатып алу. Бұл жағдайда да жеткізушіні таңдағанда негізгі критерий баға болып табылады. Сатып алуға қатысу үшін коммерциялық ұсыныс жеткілікті, бірақ сатып алудың сомасы 1000 АЕК-тен аспайтын болуы керек.

– Едіге Тұрарұлы, өткен жылы Самұрық-Қазына ережелеріне Қазақстанда жұмыс

істейтін шетелдіктердің қатысуы бар ірі мұнай компанияларының үлгісі бойынша әлеуетті жеткізушілердің алдын ала біліктілігін енгізу бөлігіне өзгерістер енгізілген. Сол туралы толығырақ айтып беріңізші.

– Иә, 2017 жылдың 6 қарашасында «Білікті әлеуетті жеткізушілерден сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің тізбесі» бекітілді. Соған сәйкес, осы тізбеде көзделген ТЖҚ-ны сатып алуға қатысуға тек біліктілік іріктеуден өткен әлеуетті жеткізушілер ғана жіберілетін болады. «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ АҚ-ның бұл жаңашылдығының мәні – әлеуетті жеткізушінің бірқатар критерийлерге, соның ішінде, әлеуетті жеткізушінің шарттық жұмысының құқықтық бөлігі мен оны ұйымдастыру; әлеуетті жеткізушінің қорлары; тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің сапасын қамтамасыз ету; жобалар мен тәуекелдерді басқару; еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау; қоршаған ортаны қорғау; Холдингтің әлеуетті жеткізушілерінің дамуын қолдау критерийлері, қосымша салалық критерийлер сәйкестігін анықтау.

Алдын ала біліктілік іріктеу рәсімі төмендегілерді қамтиды:

1) әлеуетті жеткізушілердің өтініштерін жинау мен талдау;


2) әлеуетті жеткізушілерге сауалнама жүргізу;

3) аудит жүргізу;

4) алдын ала білікті әлеуетті жеткізушілердің тізбесін жасау;

5) алдын ала білікті әлеуетті жеткізушілердің тізбесіне өзгерістер енгізу. Егер әлеуетті жеткізуші Холдингтің сенімсіз өнім берушілері тізімінде және/немесе мемлекеттік сатып алулардың жауапсыз қатысушылары реестрінде және/немесе Жалған кәсіпорындардың тізімінде болса, сонымен қатар, егер әлеуетті жеткізуші және/немесе оның басшысы, құрылтайшылары (акционерлері) Қазақстан Республикасының

5-бөлімге ►►





МАМАНДАР ҰСТАХАНАСЫ БОЛҒАН САҒЫЗ КӘСІПШІЛІГІ



Сағыздағы өндіріс жасаушыларының бір топтың суреті, 1938 жыл

еврей болатын, мұнай өндіру цехының бастығы болып қызмет етті. Фридбург Лев Мордукович, ұлты еврей, техника бөлімінің бастығы болатын. Сонымен қатар, Фридман деген еврей, техникалық бөлімнің инженері, Тамчани Анатолий – аға инженер, Райшор, еврей, күрделі құрылыс инженері, Ермаков Василий Михайлович, зерттеу бойынша техник, москвалық болатын. Басқа да көптеген майталман мамандар еселі еңбек етті. Мектеп директоры 1944 жылдан Көшербаев Муса болды. Әр кездерде Өтебалиев, Айтбаев, Қостанбеков С., Атағозиев Қ., Демеуов С. поселкелік кеңестің төрағалары, ал, поселкелік кеңестің хатшылары Латипов Қуан, Оразалиев Құсайын, Демеуов Серік, т.б. болды. Еңбегімен елеулі болып, Сағыз тарихында Ленин орденіне ие болғандар Шынтасов Бауыржан, Есенжанов Қаратау, Қалдығариев Жұпбол, Оразғалиев Қабидолла, Түрікпенбаева Айгүлше, Аманбаев Балықбайлар болатын. Ал Еңбек Қызыл ту ордені иелері Әлиев Сүйеу, Кенжеғалиев Сағынғали, Жұмабаев Мерген. Осындай еңбеккер жандардың арқасында Сағыз мұнай кәсіпшілігінің атағы жер жарды.

Сағыз аумағы шағын болғанымен онда келген кадрлар тез өсіп, жақсы тәжірибе алып, ысылып, басқа жаққа жоғарылатылып жіберілетін. Яғни, Сағыз – кадрлар өсуінің трамплині еді. Мысалы, Қалыбаев Мақат та қатардағы жұмысшы, оператор, мастер болып жүріп Сағыз мұнай кәсіпшілігінің бас инженерлігіне дейін көтерілді. Балжанов Құмар Сағыздан Прорваға бас инженер болып барып, одан Қазақстан Мұнай бірлестігіне бас инженерлікке дейін көтерілді. Қаратонда участок бастығы болған Рабдуллин Хамит Сағызда өндіріс басшысы, одан Құлсарыға директор болып, одан Ембімұнай бірлестігінің басшысының орынбасары болды. Сағызда өндіріс басшысы болып еңбек еткен Есенғалиев Бағытжан министрлікке дейін көтерілді. Айдыналиев Зияддин мұнай-газ жұмысшылар кәсіподағы комитетін басқаруға дейін көтерілді. Бас инженер болған Атшыбаев Әбу аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы, одан Маңғыстау облысының партиялық халықтық бақылау комитетінің басшысы болды. Сағызда өндіріс басшысы болған Аухатов Хансұлтан Доссор мұнай өндірісі директоры болып қызмет атқарды. Техникалық бөлімнің бастығы болған Фридбург Лев Қошқарда бас инженер, директор, ал Сағыздан кеңсе қызметкерінен соғысқа кеткен Сүйесінов Дүйсен Сегізінші гвардияның комсоргы болып, офицер, Жауынгерлік Қызыл ту орденімен, көптеген медальдармен майданнан келіп, аудандық партия комитетінің хатшысы болып жүріп өмірден өтті. Сағызда кеңсе жұмысында болған Есенжанов Жетпісбай аға лейтенант, артиллерияда батарея командирі болып, бес орденмен, бірнеше медальдармен келіп,

аудандық партия комитетінде, одан Қазақстан жұмысшылары мұнай химия өнеркәсібінің комитетін көп жыл басқарып, кейін Маңғыстау ашылғанда сонда жауапты жұмыстарда болды. Оразғалиев Қабидолла, үш Қызыл Ту, екі Отан соғысы ордендерімен, «Ерлігі үшін» медалімен, т.б. медальдармен марапатталып, ол жайында Қазақ ССР-ның 25 жылдығы тарихына орай орталық газетке «Отважный танкист» мақаласы суретімен шықты. Жетпісінші жылдары Сағызда оператор болып еңбек етіп жүріп, ол Ленин орденімен марапатталды. Айта берсем, Сағыздықтардың еңбектегі де, майдандағы да жеткен жетістіктері, көрсеткен ерліктері ұшан-теңіз. Олардың барлығын менің қысқа ғана естелігімде түгелдей атап көрсету мүмкін емес, мен тек есімде қалған кейбіреулерін ғана көрсеттім. Кезінде біздің Сағыздықтардың майдандағы да, тылдағы да ерліктері, бейбіт өмірдегі еңбек ерліктері жайында көптеген орталық басылымдар жарыса жазды, суреттерімен қоса жариялады.

Сағыздың тәулігіне ең көп мұнай өндіргені 1944 жылдың август айы. Қазақ мұнайшыларының «Мұнайшылар, мұнай бер, Соны сізден сұрайды ел!» деген Отан шақыруына теңдессіз үлес қосқан жылдары осы кез. «Барлығы майдан үшін, барлығы жеңіс үшін!» деген ұранмен еңбек еткен сол бір жылдарда Сағыздықтар да барлық отандастарымыз сияқты қолдан келгенін аяған жоқ. Аталған айда Сағыз мұнай кәсіпшілігі тәулігіне 222 тонна мұнай берді. Ол кезде жаңа ұңғаларды бұрғылау мұнай өндірумен қатар жүреді. Қазу жұмыстары аяқталған ұңғалардың мұнай қабаттарын аттырып мұнайын алады да өндіріске қосады. Ол заманда Сағыз мұнай кеніші жаңа кеніш саналды, мүмкіншіліктері орасан зор еді. Сондықтан да тәулігіне осыншама көп өнім алу мүмкін болды.

Сағыз мұнай өндірісіне басшылыққа Айдыналиев Зияддин Мәжитұлы келісімен поселкені көркейту жұмыстары қолға алынды. 1958 жылы жаз айында Евдокимов бастаған төрт кісіден тұратын арнайы бригада құрып, сол бригада соғыс алдында тұрғызылып, бітірмей



тастап кеткен орталық жылу қазандығын салып бітіріп, моншаны, кеңсені, мектепті, тағы да басқа бұқаралық нысандарды, барлық тұрғын үйлерді ыссы сумен бір орталықтан жылытылатын қылды. Көшеге жарық қондырылды. Жаңадан салынған корпустарға, бала бақшаға тас жол салынды, әрбір үйге ауыз су жеткізілді. Тұрғындардың тұрмысын жақсарту үшін жасалған бұл жұмыстар өндіріс басшысы Айдыналиев, поселкелік кеңестің төрағасы Қостанбеков С., партия ұйымының жетекшісі Тасболатов, кәсіподақ комитетінің төрағасы менің басшылығыммен жүзеге асырылды. Тұрғындардың жазғы демалысын ұйымдастыру мақсатында бақшаны жөнге келтіріп, бақшаның ортасына тақтайдан жазғы клуб тұрғызылып, жаз маусымында кешкі кинолар, жиналыстар, концерттер, жастардың би кештері сонда өтетін болды. Жазғы клубтың қасында әдейілеп су бұрқағы тұрғызылды, би алаңы жасалды. Бұл Сағыз үшін үлкен бетбұрыс еді. Сағыздың қысқы клубы сол кездерде адам танымастай әрленді. Сахнаны безендіруге арнайы Ресейден келген әскери суретші Артюшин деген гвардия майорының еңбегі сіңді. Клубтың фойесіне биллиард, үстел теннистері қойылып, халыққа қызмет көрсетті. 1959 жылы Львов политехникалық институтын бітірген Тихонов деген маман жігіт, тройной прыжоктан спорт шебері, ауыл өмірімен таныса келе, көшеге күн баттарда өзі жанатын таң ата сөнетін автомат

7-бемме ►►

Құрметті

Атағозиев Құлымғара Бисенғалиұлы!

Сізді Сағыздық ауылдастарыңыздың сатынан мерейлі 90 жасқа толуыңызбен құттықтаймыз! Сіз бұл жасқа үлкен абыроймен, ауылдың ақсақалды Қариясы, үлкен әулеттің асқар биік Бәйтерегі, өзіңіз еңбек еткен мұнай саласының Абызы болып келіп отырсыз. Өзіңіздің өмір жолыңызды бәріміз үшін қымбат та киелі мекен Сағыз мұнай өндіру кәсіпшілігінде коллектор болып бастап, осы өндіріс орнының басшысы лауазымына дейін көтерілдіңіз. Осы кәсіпшіліктің ыстығына күйіп, суығына тоңа жүріп, ерен еңбектің үлгісін көрсетіп, туған өлкеңіздің өркендеуіне азаматтық үлесіңізді қостыңыз. Еңбегіңіз еленіп, еліміздің бірқатар марапаттарына да ұсынылдығыңыз, «КСРО Мұнай кәсіпшілігінің үздігі» атағын иелендіңіз, Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың Алғыс хатымен марапатталдыңыз. Жарыңыз

Махамбетова Нұрбиғамен бірге алтын асықтай ұл мен қыз тәрбиелеп өсірдіңіз, оларды азамат қатарына қосып, еліміздің өмірінің сан саласына қанаттандырып, ұшырдыңыз. Сізден алған үлгісімен бүгінгі күні ұрпақтарыңыз да сіздің жолыңызды жалғастыруда. «Аталастың аты озғанша, ауылдастың тайы озсын» дегенді айтқан қазақтың ұрпағы емесіңіз бе? Балаларыңыз Сіздің атыңызға кір келтірген емес, біз де оларға әрқашан тілеулеспіз!

Келген жасыңыз құтты болсын! Сізге денсаулығыңыз мықты болып, ұрпақтарыңыздың рахатын көріңіз деген тілек білдіреміз!

Игі тілекпен:

Еліміздің әр қиырында жүрген Сағыздық ауылдастар



ӨТКЕН ЖЫЛ НӘТИЖЕСІ ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ

«Argymak TransService» ЖШС басшылығы қаңтар айында кен орнында екі вахтаның жұмыскерлерімен жиналыс өткізіп, Серіктестіктің 2017 жылғы қаржылық-өндірістік қызметін қорытындылап, 2018 жылғы атқарылатын жұмыс жоспарымен таныстырды. Жиналыстарға кен орнындағы жұмыскерлердің 700-ге жуығы және қаладағы аппарат қызметкерлері қатысты.

Кен орнындағы еңбек қорғау, қауіпсіздік техникасы және қозғалыс қауіпсіздігі бойынша топ басшылары М.Күзембаев және Д.Сасықбаев еңбек қорғау және қауіпсіздік бойынша ақпарат беріп, жол-көлік оқиғаларына, өндірістік жарақаттану, кәсіптік сырқаттану жағдайларына талдау жасап, еңбек қорғау және қауіпсіздік талаптарын сақтау қажеттігін ескертті. Серіктестікте 2017 жылы жазатайым оқиға тіркелмеген.

Әлеуметтік мәселелер бойынша инженерлер Ш.Ақбердиев және Б.Өмірзақов әлеуметтік-тұрмыстық мәселелер бойынша өткен жылы атқарылған жұмыстар мен шыққан шығын, мәдени-спорттық шаралар туралы мәлімет берді.

Серіктестіктің Бірінші Вице-президенті Ш.Құлшықов өткен жылды қорытындылап, биылғы жылы атқарылар жұмыс жоспарымен таныстырған сөзінде мекемедегі кадрлық саясат, өндірістік көрсеткіштер, жаңа техника, жаңа құрал-жабдықтар сатып алу мәселесі туралы айта келіп, «Қаражанбасмұнай» АҚ-ның мұнай өндіру жоспарын орындауға өз үлесімізді қосуға шақырды. 2017 жылы Серіктестік кірісі жоспардан артық орындалған және көлікті пайдаланудағы негізгі көрсеткіштер де көңіл қуантарлық болды:

№ р/р	Атауы	Жоспар	Нақты орындалуы
1	автопаркты пайдалану коэффициенті	0,82	0,85
2	автопарктың техникалық дайындық коэффициенті	0,87	0,89



Мекеме басшысы ұжымды «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ басқарма төрағасы С.Мыңбаевтың «Біздің қауіпсіздікке бағытталған жолымыз» жолдауымен таныстырды. Басты мақсат – адамның қауіпсіздігі, оны сақтау үшін ұжым болып бірлесе жұмыс істеу қажеттігіне, тәртіп болмаған жерде жұмыс дұрыс жүрмейтініне назар аударып, сол себепті еңбек қорғау және қауіпсіздік талаптарын сақтауды талап етті.

*Зейіне Маханбет,
«Argymak TransService» ЖШС
Әлеуметтік-әкімшілік жұмыс бойынша
аға маманы*



ӨЗ ІСІНІҢ ШЕБЕРІ



«Argymak TransService» ЖШС кен орнында жөндеу-механикалық цехында жөндеуші болып қызмет атқаратын Нұрлыбаев Таңатбек – өз ісінің шебері. 1989 жылы әскерден кейін көлік жөндеуші болып орналасқан жас жігіттің аталған цехта табан аудармастан қызмет атқарғанына бірер жылдан кейін 30 жыл болады екен. Мекеменің бір кездегі ауыр күйін өз көзімен көрген әріптесіміз бүгінгі күндегі жағдайдың ол кезден айырмашылығы жер мен көктей екеніне, жақсы жағына қарай дамып келе жатқанына ризашылығын жасырмайды. Кен орнында автокөліктердің үздіксіз жарамды күйде жұмыс істеуі – тынымсыз еңбектенетін осы қарапайым еңбек адамдарының қажырлы қызметінің арқасы. Жұмысына адал да тиянақты жігіттің мамандығы кен орны үшін аса маңызды. Таңатбек түрлі жабдықтың, құрылғылардың құрылымын нақты біліп; тораптар мен механизмдерді жинаудың, сынау мен пайдаланудың техникалық талаптарын сақтап, желідегі көліктердің бабында болуына жауапты.



«Argymak TransService» ЖШС жұмыскері Даутов Фибрат 1986 жылдың сәуір айында Қаражанбас кен орнына «Қаражанбастермнефть» технологиялық көлік басқармасына көлік жөндеуші болып қабылданып, бір жылдан соң жүргізуші болып Газ-53 автокөлігінің руліне отырды. Осы жылдар ішінде кен орнында неше түрлі көлікті меңгерген білікті маман 2010 жылдан бері №5 автотөзімде аға механик

БІЛІКТІ МАМАН

болып қызмет атқарып, өз автотөзімінде арнаулы, мамандандырылған және жол-құрылыс техникасын жөндеу және техникалық қызмет көрсету жұмыстарын ұйымдастырып, техникалық жарамды жағдайын жүзеге асырады. «Жас жігіт болып келіп, жігіт ағасы болғанға дейінгі отыз жылым осы мекемеде өтті. Осы уақыт ішінде Серіктестік небір қиын да күрделі кезеңді бастан кешті. Бүгінгі күнгі жұмыскер үшін жасалған оң өзгерістер үшін қуанамын. Халық игілігіне қызмет атқару – бір бақыт. Өмірде де, өндірісте де жетер жетістіктеріміз көп болғай. Қаражанбас кен орны көркейіп, мекемеміз ілгері өрлей берсін!» дейді Фибрат.

6-бемме

құрал-жабдығын қондырды. Қысқасы, бұл жылдар Сағыздың мәдени даму кезеңі болды. Жоғарыда айтқандай Сағызда кең байтақ кеңес елінің әр қиырынан келген өндірістік те, мәдени де көргендері көп, тәжірибелері мол орыстар мен еврей ұлтының өкілдері басшы жұмыстарда болды. Ол басшылар өздерімен бірге Сағызға көп өзгерістер ала келді. Тек өндірісті дамытпай, олар ауыл халқының мәдени, тұрмыстық жағынан ілгері сүйреді, халыққа үлгі болды. Сағыздықтар соларға теңделуге, үлгі алуға тырысты. Солардың арқасында Сағыздықтар көрмегенді көріп, көп нәрсені үйреніп, барлық жағынан да көтерілді, біліктіліктері артты, мәдени тұрғыдан да өсті.

1949 жылы мен армия қатарына алындым, одан 1952 жылы оралдым. Содан кейін комсорг, профком, парторг, совет жұмыстарында болдым. Қандай жұмыста жүрсем де, абыройлы болдым, бірнеше дүркін облыстық партия, атқару, кәсіподақтар, комсомол ұйымдарының, аудандық партия, атқару, кәсіподақтар комитеттерінің, мұнай, газ өндіру басқармасының құрмет грамоталарымен марапатталдым. 1972 жылы июнь айында Сағыз кәсіпшілігінің мен басқаратын жер

асты жөндеу бригадасының көрсеткіштері Қазақстан мұнай өнеркәсібі бойынша үздік деп танылды. Озық тәжірибеміз бүкіл Қазақстан мұнайшыларына таратылды. 1977 жылы тағы да осы бригада үздік деп танылды. Қазақстан мұнай өндірісі кәсіпшілігінің дипломымен марапатталды. Сол кездегі үздіктерді ұлығлаудың бір түрі ретінде бригада мүшесі Қостанбеков Жекенбай КСРО астанасы Москва қаласындағы Кремльдің жанында суретке түсу құрметіне ие болды. Сол кезде Сағызда еңбек еткендер, өндіріс басшылары қарапайым адамдардың тұрмысын жақсарту үшін аянбай, адал еңбек етті.

Содан 1987 жылы ауылды көшіргенде



өндірістің барлық беретіні тәулігіне 36 тонна болды. Осыншама деңгейге дейін мұнай өнімі құлдырап кетті. Зерттелген мұнай қабаттары әбден тозған, берерін беріп болған көне мұнай өндірісі болғандықтан жаңа ұңғымалар қазылмады, сондықтан мұнай өндіру де өте нашарлап кеткен еді. Оның аяғы өндірісті оңтайластыру қажеттігіне ұласты, халықты үлкен шығынмен ауылда ұстап тұру тиімсіз болды. Ауыл халқы Мақат поселкесіне көшірілді. Кен қабатындағы мұнай қорының азаюына байланысты, ауылымызды ұстап тұру экономикалық жағынан тиімсіз болғандықтан көшіргенге дейін, Сағыз шағын кәсіпшілік болғанымен, бірлігі мен ынтымағы жарасқан, орыс-қазағы аралас, тату-тәтті, айрандай ұйыған ауыл болып еді.

2016 жылы Сағыздық азаматтар жиналып, Атырау Құлсары бағытындағы тас жолдың бойына, бұрын кәсіпшілік болған жердің тұсына ескерткіш белгі орнатып, «Сағыз мұнай кәсіпшілігі» деп аталатын кітап шығарды. Өткен жылы Сағыз мұнай кәсіпшілігінің алғаш мұнай бере бастағанына 80 жыл болды. Осы атаулы мерекені де сағыздық азаматтар ескерусіз қалдырған жоқ. Ескерткіштің айналасын абаттандырып, тағы екі композициямен толықтырды. Мақат аудандық мұражайы мен аудандық архивте, М.Баймұқанов атындағы

орта мектепте Сағыз мұнай кәсіпшілігіне арналған бұрыштар ашылды. Бұл мереке Елбасымыздың «Рухани жаңғыру: Болашаққа бағдар» мақаласында айтылған туған жер бағдарламасына сай келгені қуантады. Өйткені, тарихты жасайтын-біздер, адамдар. Кешегі күн – тарих, бүгінгі күн – оқиға, ертеңіміз – болашақ емес пе?

Бүгінгі күні мен сол ауылдың өсіп-өркендеуіне, көркеюіне, тұрғындарының сан түрлі проблемаларын шешуге бір адамдай атсалысқанымды мақтан етемін. Бұл менің ғана емес, сол ауылда туып өскен, азамат болған, саналы ғұмырын туған өлкесінің тағдырына арнаған бар азаматтың борышы деп білемін. Қай жерде жүрсе де біздің Сағыздың азаматтары биіктен көріне білді, туған жерінің атына кір келтірген жоқ. Тоқсанға келген мен соған қуанамын, риза боламын, мақтан тұтамын!

*Құлымғара Атағозиев,
Еңбек ардагері. Сағыз мұнай кәсіпшілігінің
ең соңғы басшысы.
«КСРО Мұнай кәсіпшілігінің
үздігі» медалінің, бірнеше Құрмет
грамоталарының иегері,
Қазақстан Мұнайының 100 жылдығына
орай ҚР Президенті Н. Назарбаевтың
Алғыс хатын алған.*



АҚІНГЕННІҢ БІР БЕЛЕСІ



Жаздың қапырық ыстығы мен шандауыт қолайсыз ауа-райына, қыстың қытымыр аязына қарамастан еңбек етіп жүрген мұнайшылардың еңбегі зор. Мұнайшылар күнделікті еңбек вахтасына денсаулықтары мұқият, жан-жақты тексеріліп қосылады. Ауырған мезгілде қажетті қол ұшын беріп, асқынған жағдайда өзіміздің жедел жәрдем көлігімен қалалық емханаларға, дәрігерге дер мезгілінде жеткіземіз. Биыл мұнайлы ошақтарға жабдықталған, кеңейтілген жаңа медициналық ғимараттың берілуі мұнайшылар үшін де, әрине бізге де қуанарлық жағдай болды.

Қосшағыл цехына қарасты Ақінген кен орнына биыл 25 жыл толып

отыр. Мұнайшылар жатақханасы күрделі жөндеуден өтті, мердігерлер жатақханасы жалғасып кеңейтіліп салынбақшы, бүгінде іргетасы қалануда. Мен кеніштегі еңбек майталмандары туралы қысқаша тоқталып өткім келеді. Әрине, өндірістегі жауапты мамандардың бірі мұнай өндіру операторлары болып саналады. Солардың қатарында жоғарғы санатты Б.Өтегенов, Д.Кузекенов, М.Өмірзақов өз міндеттерін жетік меңгерген білікті мамандар. С.Ермеков те 20 жылдың үстінде осы мұнай кеніштерінде еңбек етіп келеді. Ә.Жаулиев пен Б.Қунашев жаңадан келген білімді мамандар, болашақтан зор үміт күттіретін жастар. Е.Өмірзақов тоқпен дәнекерлеуші ше-

бер, жұмысына аса жауапкершілікпен қарайды. Жөндеуші Т.Ерниязовтың де қадамы жаман емес. Р.Қодаров, Н.Тастыбаев та ағаларының бал бармақтарын жоқтатпас, сәйкесінше, ұңғылар тұраламас деген сенімдеміз. Кен орны бойынша жыл сайын мұнай өндіру көлемі жоспарға сай орындалып келеді. Кеніш мұнайшылары спортта да алда, өнер сайыстарына да белсене қатысады. Таяу күндерде «Жылоймұнайгаз» мұнай газ өндіру басқармасының кәсіподақ ұйымының төрағасы М.Орынғалиев келіп, мұнайшыларды құттықтап, сыйсияпатын ұсынды. Мұнай өндіру операторлары бір маркайып қалды. Бәріне бірдей спорттық костюм, аяқ киімі және жол сөмкелері берілді. Осындай игі шаралар жалғасын таба берсе деген тілекте болдық.

Жаңыл Баеділова,
Ақінген медбикесі,
«Медикер-ӨМ» ЖШС

АЗ ҚАМТЫЛҒАН ОТБАСЫНА КӨМЕК

Қайырымдылық қазақ халқының қанында бар қасиет қой деймін. Мұқтаж жан көрсе, соған көмек қолын созғылары келіп тұратын адамдар арамзда жоқ емес. Бұл әрине жақсылықтың нышаны. Жуырда «Жылоймұнайгаз» мұнайшылары арасында Прорва мұнай өндіру кенішіне қарасты С.Нұржанов атындағы мұнай өндіру кен орнының 40 жылдығына арналған футболдан турнир болды. Бірнеше цехтардың қатысуымен болған бұл жарысқа белсене қатысқан Терең-өзек мұнай өндіру цехының жігіттері басқарманың кәсіподақ ұйымы тағайындаған бас жүлдені жеңіп алды. Әр жарыс сайын спортта жақсы нәтиже көрсетіп жүрген жігіттер бұл жолғы ақшалай 120 мың теңге жүлдені қайырымдылыққа жұмсауды ақыл деп тапты. Жігіттердің ұйғаруымен жүлде

сомасы Құлсары қаласындағы 1-ші ықшамаудан тұрғыны, көп балалы ана Элмира Қожаназароваға табыс етілді. Ол жеті баланың анасы, аз қамтылған отбасы, жолдасы мүгедек жан екен. Мемлекеттен алатын мүгедектік үшін жәрдемақысы 23 мың, көп балаға алатын жәрдемақысы 9 мың теңге. Отбасының жағдайы туралы әлеуметтік желі арқылы білген жігіттер осы отбасына аз да болса көмек қолын созып қайырымдылық көрсетті. Сауапты іс жасап отырған ұжымдастарымыздың бұл ісі көпке үлгі боларлық деп ойлаймыз.

Гүлбақыт Испанғалиева,
Прорва кеніші мұнай өндіру
операторы

ФОТОЭТЮД

Каспий жағалауы



Фото авторы Марат Оразбаев, «Қаражанбасмұнай» АҚ Әлеуметтік жұмыс департаментінің аға маманы



Қауіпсіздік саласындағы құқықбұзушылықтар туралы – WhatsApp арқылы

ҚҰРМЕТТІ «ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ!

Енді қауіпсіздік саласындағы құқықбұзушылықтар, сыбайластық және лауазымды өкілеттікті асыра пайдалану жөніндегі ақпаратты WhatsApp әлеуметтік желісі және SMS хабарламамен жіберуге болады.

Егер Сізге Қоғамның тауарлы-материалдық құндылықтарын ұрлау бойынша дайындалып жатқан, жасалып жатқан немесе орын алған құқық бұзушылықтар, қоғамдық тәртіптің бұзылуы, «Ембімұнайгаз» АҚ немесе мердігер мекемелері қызметкерлерінің сыбайластық және лауазымды өкілеттікті асыра пайдалануы туралы мәлім болса, онда, ақпарат, фото немесе бейнежазбаны WhatsApp немесе SMS хабарлама арқылы

+7 701 775 66 56

нөміріне жіберуіңізге болады.
Құпиялылыққа кепілдік беріледі.

«Ембімұнайгаз» АҚ
қауіпсіздік қызметі

ГОРЯЧАЯ ЛИНИЯ!

Скажем коррупции
СТОП!

АО «РД «КМГ» в рамках совершенствования корпоративных политик в области противодействия коррупции, внедрило «горячую линию», доступ к которой доступен 24 часа в сутки, 7 дней в неделю посредством электронной почты:

report@seehearspeakup.co.uk

или на сайте:

www.seehearspeakup.co.uk

также позвонив на следующие телефонные номера:

8 800 333 3574 (RU)

8 800 333 4233 (KZ)

8 800 333 4244 (ENG)

звонок бесплатный

Обращения, в том числе анонимные, поступающие на «горячую линию», рассматриваются Службой внутреннего аудита АО РД КМГ, иными структурными подразделениями, либо рабочими группами, обеспечивая надлежащий уровень независимости и объективности.

По поступившим в текущем году обращениям проведена соответствующая работа и приняты необходимые меры реагирования.

Сотрудникам гарантируется
анонимность и конфиденциальность.

МЕНШІК ИЕСІ:
«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ
Газет Қазақстан Республикасы
Мәдениет, ақпарат және спорт
министрлігінде есепке қойылып,
№ 6668-Г куәлігі берілген.

Мекен-жайымыз:
010000, Астана қаласы,
Қабанбай батыр даңғылы, 17 үй,
11 қабат, 1102 бөлме.

✓ Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.

✓ Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды.

✓ «Мұнайлы мекен» газетінде жарияланған материалдар көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.

✓ Жарияланған суреттердің сапасына редакция жауап береді.

Шығарылымды дайындауға қатысқандар:

Бақдәулет Төлеген – B.Tolegen@kmgep.kz

Жұмагүл Темірғали – Zh.Temirgali@kmgep.kz

Бибігүл Бөбекбай – Pdsdo@umg.kmgep.kz

Лаура Сулейменова – L.Suleimenova@emg.kmgep.kz

Ғалия Қаражанова – G.Karajanova@emg.kmgep.kz

Қосұйым Мұқашев – K.Mukashev@emg.kmgep.kz

Жаңагүл Серікова – Zh.Serikova@kmgep.kz

Диана Қалқамбекова – D.Kalkambekova@kmgep.kz

Байланыс телефоны: +7 (7172) 97 78 93

Эл.почта: munailymeken@kmgep.kz

Газет айына 2 рет шығады,

Таралымы 5 000 дана

МЕРДІГЕР: «Samruk invest group» ЖШС

Астана қ-сы, Сарыарқа даңғылы,

41-үй, 476 кеңсе. Тел.: +7 (7172) 68 00 79

«Ақжар-АБК» ЖШС

Ақтөбе қ-сы, Қобыланды көшесі, 17

тел.: +7 (7132) 21 19 30